

Ақ күріші тербелген алтын аймақ!

● ПРЕЗИДЕНТ

ӘЛІПБИ ӘЛЕУМЕТТЕН ҚОЛДАУҒА ИЕ

Мемлекет басшысы Президент Әкімшілігінің басшысы Әділбек Жаксыбеков пен Президент Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары Марат Тәжиді қабылдады. Кездесуде Нұрсұлтан Назарбаев латын қарпіне негізделген қазақ әліпбиінің соңғы жобасы қызу талқыланып, қоғам тарапынан қолдау тапқанын атап өтті.

– Латын қарпіне негізделген қазақ әліпбиінің ұсынылған жобасын бекіту туралы жарлық шығару қажет. Комиссия жұмысын аяқтады. Соңғы нұсқа жарияланды. Ғалымдар, тілтанушылар, саясаткерлер, жастар және Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері ортақ мәмілеге келді. Жалпы, қоғам қолдап отыр, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы қазақ әліпбиін латын қарпіне кезек-кезеңмен және жүйелі түрде көшірудің маңыздылығына назар аударды.

Сонымен қатар, Елбасыға мемлекеттік тілді латын қарпіне көшіру жөніндегі жобаны іске асыру үшін құрылған жұмыс тобының атқарған қызметі туралы баяндалды.

Сыр бойы



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

27

ҚАЗАН

ЖҰМА

2017 жыл

№162-163 (19448-19449)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

www.syrboyi.kz

● ПРЕЗИДЕНТ ПОШТАСЫНАН

РЕКОРДТЫҚ КӨРСЕТКІШ ЖАҢАРДЫ



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың атына Қызылорда облысында жиын-терін науқанының табысты аяқталуына орай облыс әкімі Қ.Көшербаевтан және бір топ ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінен хат келіп түсті, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Қызылордалықтардың хатында Сыр өңірінің агроөнеркәсіп кешені мемлекет қолдауымен соңғы жылдары қарқынды дамығаны баяндалған. Облыс дикандарының тынымсыз еңбегі арқасында былтырғы рекордтық көрсеткіш тағы да жаңарып, күріштен бұрын-соңды болмаған мол өнім алынғаны хабарланған. «Сыр бойы дикандары 91 мың гектар егістіктің әр гектарынан 55,3 центнерден өнім алып, ел камбасына жарты миллион тоннадан астам күріш жинады. Облыс күрішшілері осымен бес жыл қатарынан рекордтық көрсеткіштерге қол жеткізіп отыр», деп атап өткен хат иелері. Соңында шаруалар өңір жұртшылығы атынан Мемлекет басшысына қамқорлығы үшін зор ризашылық білдіріп, жасампаз бастамаларды іске асыру жолында аянбай еңбек ете беретіндерін айтқан. Хат авторлары арасында Қазақстанның Еңбек Ері, Күріш өндірушілер мен өңдеушілер ассоциациясының төрағасы А.Ерәлиев, облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы С.Имандосов, «Сыр маржаны» ЖШС директоры М.Өтеев және өзге де ауыл шаруашылығы саласының еңбеккерлері бар.

«Егемен Қазақстан» газеті.

№206 (29187)

26 қазан 2017 жыл.

● ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ САПАРЫ

КЕЛІСІМ – ӨРГЕ БАСТАЙДЫ ЕЛ ІСІН

Соңғы 4 жыл ішінде Сыр елі сырт елдермен іскерлік байланыс орнатып, интеграциялық саясаты ұтымды түрде жүзеге асыруда. Алыс-жақын шет мемлекеттермен қарым-қатынас облыстың таны-малдығын арттырып қана қоймай, оның әлеуметтік-экономикалық ахуалына да оң әсерін тигізуде. Қазанның екінші онкүндігінде облыс әкімі Қырымбек Көшербаев бастаған аймақ делегациясы жұмыс сапарымен Иран Ислам Республикасында болып қайтты. Сырбойлық кәсіпкерлер Гүлстан және Мазандаран провинцияларындағы агроқешен, өндіріс орындарын аралап, Иранның бизнес қауымдастығына ортақ жобаларды таныстырды.



Гүлстан провинциясының губернаторы Сейид Маноф Хашемимен бірлескен жұмыстар туралы талқылады. Екі жақтың да жобаларға деген қызығушылығы басым болды. Іскерлік топ «Қызылорда облысы мен Гүлстан провинциясы арасындағы экономикалық және инвестициялық байланыс» тақырыбында бизнес форумда бас қосты. Нәтижесіз емес, нақты жобалар бойынша бірнеше меморандумға қол қойылды.

Елбасының ИИР президенті Рухани мен саяси келісімдерінің арқасында осындай аймақтық қарым-қатынастарға негіз қаланған. Болашақта бұл елмен бірге сауда-экономикалық қатынасты одан әрі дамытуға мүмкіндік мол. Өйткені провинциясы арасындағы экономикалық және инвестициялық байланыс» тақырыбында бизнес форумда бас қосты. Нәтижесіз емес, нақты жобалар бойынша бірнеше меморандумға қол қойылды.



жатыр. Сондықтан біз оны тиімді пайдаланып, экономикамызға қажетті жобаларды іске асыруға қол жеткізіп отырамыз. Біз өткен жылы Иран күрішінің сортын 70 гектар жерге орналастырып, жақсы өнім

алдық. Қазір Иран Республикасы жылына 3 миллион тонна күрішті экспорттайды. Ал, оның бағасы біздің күріштің бағасынан 10 есе қымбат. Сондықтан бұл бізге өте тиімді. Қазір Иранға Қызылордадан

күріш жеткізу туралы келісімге келдік, Иран тарапы бізбен жұмыс істеуге мүдделі екендіктерін көрсетіп, тиісті келісімдерге қол қойылды, – деді облыс әкімі Қ.Көшербаев.



«АЛТЫН ДӘН-2017»

БЕРЕКЕ БЕЙНЕТПЕН КЕЛЕДІ

– Бақыт Дүйсенұлы, саладағы бүгінгі басты мақсат нарыққа қажетті бәсекеге қабілетті АӨК өнімдерінің өндірісін қамтамасыз ету және өзімізден артыла отырып, өзгелерге жеткізу. Аймақтағы осы бағыттағы жұмыстарға иолу жасап шығарыңыз...

– Ауыл шаруашылығы саласын мемлекетіміздің тұрақты қолдауының арқасында, өңіріміздің ауыл шаруашылығы саласы жылдан жылға қарқынды дамып келеді. Елбасы өзінің биылғы жылғы Жолдауында нарықтарда сұранысқа ие бәсекеге қабілетті өнім өндіру және экспорт көлемін ұлғайту және жеке қосалқы шаруашылықтардың әлеуетін пайдаланып кооперацияны дамыту жөнінде тапсырмалар берді. Бұл берілген тапсырмаларымен ҚР Агроөнеркәсіп кешені дамуының 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асыру көзделген.

Мемлекеттік бағдарламаны орындау мақсатында облыстың ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу рыноктарына кешендік маркетингтік зерттеулер жүргізіліп, нәтижесінде облыстың агроөнеркәсіп кешені 2020 жылға дейін дамуының Агрокартасы әзірленіп, жүзеге асырылуда.

3-бет

«ЖАН-АРАЙДЫҢ» КӘСІБІ КЕҢЕЙІП КЕЛЕДІ

«Жан-Арай» ЖШС Сырдария және Қармақшы аудандарындағы бірнеше шаруашылықтарды біріктіріп, биыл 7000 гектарға күріш екті. Серіктестік өнімізде алғашқы болып тәулігіне 80 тонна жем шығаратын зауытты іске қосты. Мұнда 150 адам еңбек етеді.

«Жан-Арайдың» агроиндустриалды кешенінің құрылысына облыс орталығындағы өңтүстік өндірістік аймақтан жер бөлінді. «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында кешенге су, газ, кәріз, электр жүйелері орнатылды. Зауытта немістің құны 927 мың евро тұратын «РЕТКУС» фирмасының жабдығы орнатылған.

Серіктестік бұл жобаны «Байқоңыр» ӘКК АҚ-мен бірлесіп іске асырды. Жем шығару, күріш өңдеу жұмыстары халықаралық стандартқа сәйкестендірілген. Зауыт аумағында шикізатты, дайын өнімді сақтайтын қоймалар, автотаразы, арнайы зертхана, қаптау цехы мен диірмен орналасқан. Шикізатты серіктестік өзі егеді және жергілікті шаруа қожалықтарынан сатып алады. Қапталған күріш Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстанға экспортталады. Жемге деген сұраныс та жоғары. Қазір

30-дан астам фермерлік шаруашылықтармен және жеке кәсіпкерлермен ай сайын жем жеткізіп беру туралы келісім-шарт жасасқан.

Алдағы уақытта мұнда макарон цехы жұмысын бастап, оған 75 адам жұмысқа тартылмақ. Оған қоса өңтүстіккореялық технологиямен тез дайындалатын күріш лапшасын шығару да жоспарланған.

Серіктестік базасындағы «Жан-Арай-Агро» қаз фермасы Сырдария ауданының Айдарлы ауылында орын тепкен. Нақты кезеңде фермада 7700 бас қаз өсірілуде. Қазір құс фермасының 20 гектар жайылымы мен Сорқұдық жолы бар.

«Жан-Арай» серіктестігінің іргесі нығайып, аясы кеңейген сайын берекесі тасып, табысы артып келеді. Бұл – өткен еңбектің, төгілген маңдай тердің өтеуі.



«АЛТЫН ДӘН-2017» МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ ӨТКІЗІЛЕТІН ІС-ШАРАЛАР

27 қазан

«Алтын күз-2017» ауыл шаруашылығы өндірісінің озықтарын марапаттау салтанатты шарасы.

Өтетін орны: Н.Бексезов атындағы музыкалық драма театры

Уақыты: сағат: 17.00

28 қазан

Қала орталығында өтетін аудандар мен қызылорда қаласының жәрмеңкелерінің орналасу орындары

Аудандар атауы	Орналасатын орындары
Арал ауданы	С.Торайғыров көшесінің бойы («Шұғыла» балабақшасының алды)
Қазалы ауданы	Ғ.Мұратбаев көшесінің бойы мен Қ.Яссауи көшесінің қиылысы («Шұғыла» шағын ауданы)
Қармақшы ауданы	«Жұрба» көшесінің бойы (С.Романов пен Саламатов көшесінің арасығы)
Жалағаш ауданы	Ә.Кашаубаев пен Жетікөл көшесінің қиылысы (Титов қыстағы)
Сырдария ауданы	Жаңқожа батыр көшесінің бойы (Реалбаза алды)
Шиелі ауданы	Тасбөгет кенті (Орталық алаң)
Жаңақорған ауданы	Астана даңғылының бойы (Е.Көшербаев пен А.Иманов көшесінің арасығы)
Қызылорда қаласы	Айтеке би көшесі (Қазбек би мен Д.Қонаев көшесінің арасығы)

КЕЛІСІМ – ӨРГЕ БАСТАЙДЫ ЕЛ ІСІН



Жұмыс кестесі тығыз болды. Облыс делегациясы әрбір минутты ұтымды пайдалануға тырысты. «Ақсала» индустриялық аймағының жұмысымен танысты, жаңа технологияларды көрді, мүмкіндіктерді саралады. Өлбетте, тарихымыз терең халықпыз, әрбір шет елде қарақөздеріміз бар тағдырдың талайымен тарыдай шашылған. Иранда да сондай қаншама

отбасы өмір сүруде. Делегация Гүлістанда тұратын қазақ диаспорасымен кездесіп, қазақ елінің жаңалықтарымен бөлісті.

Мазандаран провинциясында губернатор Рабие Фаллах Джелодорының қабылдауында болып, «Гаре Бурун» кооперативінің бекіре тұқымдас балық өсіру және ауылдырық әзірлеу жұмыстарын көріп, сүт өнімдерін шығаратын «Kale Dairy Company» компания-

сының жұмысын көзбен көрді. Мазандаран провинциясында да бизнес-форум ұйымдастырылып, ортақ бәлалар бойынша меморандумдарға қол қойылды.

Осы ретте бір жаңалық. Қараша айында ирандық кәсіпкерлер «Бай-қоңыр» инвестициялық форумына қатысу үшін және қол қойылған меморандумдар бойынша жұмысты бастауға арнайы Қызылорда облысына келетін болды.

Айта кету керек, биыл Иран Ислам Республикасына «Торем Хошеми» сортынан 60 тонна күріш экспорттау жоспарлануда. 2020 жылға қарай ирандық күріш алқаптарын 5 мың гектарға дейін ұлғайтып, экспорт көлемін 8 мың тоннаға жеткізу көзделіп отыр. Осы тектес бірлескен шара жүгері егіп, өңдеуге қатысты да жүргізілетін болады. Төрт түлікке қатысты да келісім бар. «Фарагир Инчбоборн» ирандық компаниясымен мал экспорттау бойынша іскерлік байланыс орнатылды. Еске сала кетейік, тамыз айында «Күшімбаев Агро» кооперативі Иранға мал басының алғашқы партиясын жіберген бо-

латын, яғни 812 бас. Биыл жыл соңына дейін тағы 10 мың түлік жіберу жоспарланып отыр. Өндіріс, өңдеу бойынша өңірімізде ирандық әріптестермен ет комбинатын және жеміс-жидектерді сақтау, жеткізу мақсатында сауда-логистикалық орталық салу көзделуде.

Міне, Иран Ислам Республикасына жұмыс сапары барысында осындай толымды тірліктер тізбесін құрайтын келеік келісімдерге қол жеткізілді.

Салтанат ШАХАНОВА,
облыс әкімі баспасөз хатшысының
міндетін атқарушы.



● МӘЖІЛІС

ТОҒЫЗ АЙДЫҢ ТАБЫСТАРЫ

Сейсенбі күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен жиын өтіп, онда аймақта тоғыз айда атқарылған жұмыстар сараланды.

Сыр өңірінде жыл басынан бері бірқатар жұмыстар атқарылған. Аймақтағы құрылыс жұмыстарының қарқынды айтпағанын өзінде ауыл шаруашылығы мен балық шаруашылығы серпілді даму үстінде. Үдемелі индустрияға да кеңінен көңіл бөлініп отыр. Шыны зауытының құрылысы жандана бастады. Тампонажды цемент өндіретін зауыт соғылып жатыр. Осылайша, нәтижеге бағытталған жұмыстарды саралаған Қырымбек Елеуұлы Алашқа ана атанған аймағымызға Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев келіп, облыстың даму динамикасына оң бағасын бергенін айтып, қолдай қаралатын мәселелерге тоқталды.

– Бүгінгі мәжілісте Елбасының Жолдауынан туындайтын міндеттердің, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен облыс әкімдігі арасындағы меморандум индикаторларының, 2017 жылға арналған облыс әкімінің іс-қимыл жоспарының орындалуы және ағымдағы жылдың 9 айындағы аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму қорытындыларын қарайтын боламыз, – деді облыс басшысы.

Алғашқы болып облыс әкімінің орынбасары Қуанышбек Ысқақов хабарлама жасап, «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Республика Президентінің Жолдауындағы міндеттердің орындалу барысын баяндады.

Есепті кезеңде облыстың өнеркәсіп кәсіпорындары 547,9 млрд теңгенің өнімін өндірген. Өңдеу өнеркәсібінде өсім 6,2 пайызға қамтамасыз етіліп, 78,2 млрд теңгенің өнімі өндірілді.

Мемлекеттік бюджетке салықтар және басқа да міндетті төлемдерден 72,6 млрд теңге түсім түскен. Оның ішінде республикалық бюджетке 40,8 млрд теңге құйылса, жергілікті бюджетке 31,8 млрд теңге түскен. Бюджет қаржысын тиімді игеру қажет. Тоғыз айдағы көрсеткіштері салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, Мұнай өндіріс Елбасының 97,6 пайызға, Аралда 99,1 пайызға, Қазалыда 98,7 пайызға, Қармақшыда 99,9 пайызға, Жалағашта 99,8 пайызға, Сырдарияда 98,5 пайызға, Шиедіде 99,5 пайызға, Жаңақорғанда 99,9 пайызға орындалған. Облыстық бюджеттік бағдарлама әкімшілері бойынша бюджеттің атқарылуы 99 пайызды құрап отыр. Республикалық бюджет қаржысы 95,3 пайызға, ал, жергілікті бюджет қаражаты 99,7 пайызға игерілген. Облыс әкімі бюджет қаржысы жыл соңына дейін 100 пайыз игерілу қажеттігін назарға салды.

Аймақтағы ауылшаруашылық саласында да алға ілгерілеушілік байқалады. Бұл мәселе бойынша облыс әкімінің орынбасары Серік Қожанизов айтып өтті. Ол Қазақстан

Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының орындалу барысы туралы баяндама жасады.

Жалпы, агроөнеркәсіп секторында да өсімдік шаруашылығын әртараптауды бағдарламасы нәтижелі жүзеге асырылуда. Соңғы 3 жылдың ішінде малыздық дақылдар, майлы дақылдар және азықтық дән алқабы 6 мыңнан астам гектарға артқан. Өндірістік негізде картоп, көкөніс және бақшалық дақылдар өндірісін дамыту қолға алынды. Оған қоса, осы кезең ішінде, әсіресе, дақыл сортынның өнімділігін арттыру есебінен күріштің жалпы өнімі 30 пайыздан астамға өсті. Биыл облыс тарихында бірінші рет 500 мың тоннадан астам Сыр маржаны қамбаға қуылды.

Қазір ауыл шаруашылығы өнімдерін сату нарығын кеңейту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Парқатып айтар болсақ, Қытайға жылына 5 мың тонна, Түркияға жылына 1 мың тонна және Иранға жылына 8 мың тонна күріш жіберу бойынша келіссөздер жүргізілген. Көп жылдардан бері қордаланып келген бақшалық дақылдар экспорты да қолға алынды. Нәтижесінде, биылғы жылы оның көлемі 8 есеге дейін артты.

Үкіметтің қолдауымен облыстың бұферлік аймақтан шығуы малды экспорттауға мүмкіндік берді. Бүгінде малдың алғашқы партиясы Иранға жөнелтілді. Жыл аяғына дейін аталған елге 10 мың бас қой экспортталатын болады. Ал, болашақта экспортқа ет және ет өнімдерін шығаратын боламыз.

Жыл басынан бері ауыл шаруашылығының жалпы өнімі көлемінің өсімі тұрақты сақталуда. Бұл нақты көлем индексімен ағымдағы жылдың 9 айында 104,1 пайызды құрап отыр. Ауыл шаруашылығы кооперацияларын дамытуға да аса мән берілген. Әсіресе, ет және сүт бағытындағы жұмыстарда алға ілгерілеушілік байқалады. Бір жарым жыл ішінде 2806 ұсақ тауарлы өндірістерді біріктірген 241 ауыл шаруашылығы кооперативтері құрылды.

Мұнан кейін, мінберге облыс әкімінің орынбасары Серік Сүлейменов көтеріліп, инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасының және «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылыс бағдарламасының орындалу барысы туралы баяндама жасады.

«Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы арқылы 3 мектеп бой көтеруде. Ал, «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында 2017 жылы облыс бойынша 151,5 мың шаршы метрді құрайтын 1983 пәтерлі 47 көпқабатты тұрғын үй құрылысы жүргізілуде. Бүгінгі таңда «Бөйтерек Девелопмент» АҚ желісі арқылы 300 пәтерлі 5 тұрғын үй «СПМК-70» шағын ауданында пайдалануға берілді. Жаппасбай

батыр көшесі бойынан және Титов ауданында салынған 680 пәтерлі 14 тұрғын үй игілікке берілді. Ал, «Самұрық Қазына» АҚ желісі арқылы бой көтеріп жатқан 400 пәтерлі 5 тұрғын үйі ағымдағы жылы пайдалануға беру жоспарлануда. Бұған қоса әлеуметтік өлсіз топтарын арналған сатып алу құқығынасыз жалдамалы 12 тұрғын үй құрылысы жүргізіліп, осы жылдың аяғына дейін пайдалануға беру жоспарлануда.

Сыр бойында әлеуметтік әлеуетін көтеруге бағытталған жұмыстар баршылық. Индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы да, «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы да орындалуда. Өз кезегінде хабарлама жасаған облыс әкімінің орынбасары Евгений Ким осы мәселелерге тоқталды.

Индустриялық-инновациялық бағыттағы жұмыстарды саралайтын болсақ, келер жылы молибден қышқылын өндіретін кәсіпорын іске қосылып, оның негізгі өнімі Жапонияға экспортталатын болады дейді мамандар. Шыны зауытының құрылысы аяқталып келеді. Астана қаласының туған күніне орай бұл зауыттың өнімін алғашқы партиясын шығару жоспарланып отыр. Шиеді ауданында да тампонажды цемент өндіру зауытының құрылысы жүргізілуде. Оның өнімі құрылыста, оның ішінде мұнай-газ және уран салаларында пайдаланылады.

«Шалқия» қорғасын-мырыш кен орнындағы сауықтыру жұмыстары аяқталды. Мамандар енді сол жерде газ-турбиналық электрстанциясымен бірге кен-байыту комбинатының құрылысын жүргізуге кірісіп кетті. 2019 жылы комбинат жылына 2 млн тонна, 2020 жылы 4 млн тонна кенді қайта өңдейтін болады. Комбинаттың іске қосылуымен 1500 жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде. Осы жерде гидрометаллургия зауыты құрылысының жобасын жасау жұмыстары басталды. Британ инвесторларымен бірлесіп, «Баласауысқандық» ванадий кенішінде қара тасқатас атоқлапты қайта өңдеу жобасы жүзеге асырылуда. Алғаш рет 110 тонна метананат аммоний қазірдің өзінде Тайваньға экспортталды.

Жыл басынан бері «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының іске асырылуы барысында Қызылорда қаласының кәсіпкерлері 47 жоба ұсынаса, Шиеді – 13, Қармақшы – 11, Қазалы – 10, Жалағаш – 11, Арал – 8, Жаңақорған – 4, Сырдария 3 жоба ұсынған.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасын жүзеге асыру барысы туралы облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов айтып өтті.

Өңірімізде «Рухани жаңғыру» бағдарламасының 4 кіші бағдарламаларын ілгерілету және үйлестіру бойынша облыстық жұмыс тобы, Сарашылар кеңесі және Жобалық кеңес, Жобалық топ, хатшылық құрамы құрылды. Аталған топтар құрамына өңірдің зиялы қауым өкілдері, депутаттар, үкіметтік емес ұйымдар, ардагерлер, этномәдени ұйымдар мен БАҚ өкілдері, партия жетекшілері енгізілді. Бағдарламаны ілгерілету мақсатында және қазақ әлібиін латын графикасына көшіруді насихаттайтын облыстық апараттық-насихаттық топ құрылды. Аталған топ мүшелері Қызылорда қаласы мен барлық аудандарда кездесулер өткізіп, аймақ тұрғындары арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Қазір аймақта рухани жаңғыру аясында 60-тан аса жоба жүзеге асырылуда. Бекітілген жоспарларда бағдарламаның 4 кіші бағытын және нысаналы топтарға бағдарланған түрлі форматтағы іс-шаралар толық қамтылды.

Сыр өлкесінің өзіндік мәдениетінің дәлелі болған сақтардың ордасы – Ортағасырлық Шірік-Рабат, оғыздардың астанасы атанған – Жанкент, қыпшақтардың және қазақ хандығының бірінші астанасы Сығанақ қалашықтарына археологиялық қазба жұмыстары сәтті жүргізілді. Қазақстандағы киелі жерлер қартасына республикалық маңызы бар 10 ескерткіш енгізілді. «Тарих толқынында» жобасы аясында Қармақшы ауданындағы ортағасырлық Сортебе, Шірік-Рабат қалашықтарына жексериялар, пресс-турлар ұйымдастырылды. «Қорқыт Ата» мемориалдық кешені жанынан ашылған Этноаудының жұмысын ерекше атап өтуге болады. Сыр өңірінің өнері өз жерімізде ғана дамып қоймай, Ресей, Түркия, Лондон, АҚШ-тың Нью-Йорк, Вашингтон қалаларына, Әзербайжан, Әзербайжан Республикаларына танылуда. Биыл облысымыздың өнер ұжымдары облыс әкімінің қолдауымен Баку, Шекі қалаларында өнер көрсетіп қайтты.

Бұдан бөлек облысымызда бірқатар рухани жаңғыруға негіз болатын мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырылды. Олардың бастысы ретінде түркітілдес елдердің «Қорқыт және Ұлы Дала сазы» атты халықаралық фольклорлық-музыкалық өнер фестивалін атап өтуге болады. Мемлекет және қоғам қайраткерлері С.Оспанов пен Ш.Есеновтің 90 жылдығы аталып өтілді. «100 жаңа есім» жобасына ондаған жерлесіміз ұсынылды.

Осы негізде баяндама жасаған Руслан Рүстемовтың хабарламасынан кейін облыс әкімі Қырымбек Көшербаев рухани жаңғыруға аса мән беру керектігін жиылған жұрттың қаперіне салды.

Азиз БАТЫРБЕКОВ.

● СЕССИЯ

Өңір дамуының ЕРЕКШЕ КЕЗЕҢІ

– Қазан айы жақсы жаңалықтар мен сәттіліктерге толы болды. Елбасы Сыр өңірінде жұмыс сапарымен болып, атқарылып жатқан жұмыстарға ризашылығын білдіріп, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына оң бағасын берді, – деді облыс әкімі Қырымбек Көшербаев облыстық мәслихаттың кезекті 15-сессиясының басында депутаттарға арналған сөзінде.

Облыс басшысы Сыр өңіріндегі сапарына орай Елбасы Үкіметке тиісті тапсырмаларды жүктегенін жеткізді. Қырымбек Елеуұлы осыдан кейін Астанада Премьер-Министрдің қабылдауында болып, Президент тапсырмаларын орындау мақсатындағы жоспарларды айқындап алғаны туралы депутаттарды хабарда етті.

Облыс әкімі ЭКСПО көрмесі кезінде Астанада облыстың күндері өткізілгенін, оған Президент арнайы келіп, тамашаланғанын еске салып өтті. ЭКСПО-2017 көрмесі бағдарламасына енгізілген Түркіст ата кешені мен Байқоңыр ғарыш аймағын тамашалауға 20 мыңнан аса түркіст келді, оның ішінде 3,5 мыңнан астамы шетелдік, сондай-ақ көрмеге қатысушы барлық елдердің эмиссарлары болды. Тағы бір қуанышты жағдай, өңірімізде мектеп бітірушілердің 97 пайызы жоғары және орта арнаулы оқу орындарына түсті. 15-16 қыркүйекте Елбасы бастамасымен Қазақстан делегациясы Өзбекстанда болды. Халықаралық бизнес форумы шеңберінде Қызылорда облысы әкімдігі мен Навои облысы хокиматы арасында сауда-экономикалық және мәдени байланыстар туралы келісімдерге қол қойылды. Өзбекстанның 5 аймағы делегациясы қараша айында Сыр өңіріне келеді. Иран байланысы нығаю үстінде. 21-23 қазан аралығында облыс делегациясы Иран республикасында жұмыс сапарымен болып қайтты. Гүлістан, Мазандаран провинцияларымен және ірі кәсіпорындармен сауда-экономикалық саласында ынтымақтастықты арттыру және ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу жобалары бойынша 8 меморандумға қол қойылды. Жыл аяғына дейін 10 мың бас қойды экспортқа шығару жоспарланып отыр. Болашақта ет және ет өнімдері экспорттың ұлғайту мәселесінде. Сондай-ақ, Иран жағы жылына 1 млн тоннаға дейін күріш алуға мүдделі екендіктерін білдіріп отыр.

Депутат Жорабек Нұрымбетовтың төрағалық етуімен өткен сессияда алғашқы талқыланған мәселе жергілікті полиция қызметінің басым бағыттары мен құқықтық тәртіп жағдайына арналды. Ол туралы баяндаған облыстық ішкі істер департаментінің басшысы Қайрат Мұхитов аймақтағы жергілікті полиция қызметкерлерінің жалпы саны 1006 бірлікті құрайтынын жеткізді. Атқарылған профилактикалық жұмыстардың нәтижесінде ағымдағы жылдың 9 айында жалпықылмыстық құқық бұзушылық түрлері 9,6 пайызға, оның ішінде ауырлығы мен оңша ауыр емес, сондай-ақ денсаулыққа қасқана ауыр зиян келтіру, зорлау, ұрлық, мал ұрлығы, тонау, бұзақылық, алаяқтық қылмыстарының тіркесуі төмендеген. Сондай-ақ қоғамдық орындарда, көшеде, мас күйінде жасалған қылмыстар саны азайып отыр. Есепті кезеңде облыс көлеміндегі уәкелілік полиция инспекторлары өздерінің әкімшілік аймақтарында тұрғындар алдында 774 мәрте есеп беру кездесулерін өткізді. Осы мәселеге орай құрылған облыстық мәслихаттың Уақытша комиссиясының төрағасы депутат Бақдәулет Махамұтов сессияда қосымша баяндама жасап, комиссия атқарған жұмыстар туралы айтып берді. Мұнан кейін депутаттар Ибадулла Тілеп, Әнуар Дәуренбаев және Құлмырза Қасымов жарысөзге шығып, ұсыныстарын жеткізді. Олар мал ұрлығын ашуға қатысты тұрғындар тарапынан болатын сын-ескерткіштерді ескеру, жол белгілерін талапқа сай орнату, Төртатам мен Ақайда жергілікті полиция өкілдерінің ашу, осы елді мекендердегі білім ошақтарында мектеп инспекторларының болуы секілді ой-пікірлерін ортаға салды.

Сессияда облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының басшысы Сәуле Құлмырбетова 2017 жылғы облыс бюджеті депутаттар келісімімен 5 млрд теңгеге нақтылануын отырының туралы хабарлады. Оның ішінде облыстық бюджеттің кірісі көзі 1,5 млрд теңгеге ұлғайып отыр. Аудандар мен Қызылорда қаласы бюджеттерінен облыстық бюджетке қайтарылатын қаржы көлемі 442,4 млн теңге. Ал басылатын қаржы 2,7 млрд теңгені құрайды, оның ішінде үнемделген қаржы 1,9 млрд теңге.

Сессия күн тәртібіндегі келесі мәселе сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен болдырмау туралы ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы, Әлеуметтік кеңес төрағасы Абзал Мұхитов хабарлама жасады. Хабарламашы Мемлекеттік қызмет туралы жандан қолданса енгізілген заң елімізде мемлекеттік қызметті дамытудың жаңа кезеңі басталғанын көрсететінін атап өтті. Кешенді аттестациялаудан өтуге облысымызда 2700 қызметші жатқызылса, оның ішінде 928 қызметкер аттестациялаудан босатылған. Аттестациялаудың бірінші деңгейінде – 44, екінші деңгейінде – 1318, үшінші деңгейде – 1306, барлығы 2668 қызметкер мемлекеттік аттестациялаудан өткен. Агенттік тарапынан бұл науқанға өте жоғары баға берілді. Мемлекеттік қызметкерлерді оқыту, үйрету өз деңгейінде жүргізілуде.

Ағымдағы жылдың 9 айында Әлеуметтік кеңестің 10 отырысы өткізіліп, 34 мәселе қаралды. Қаралған мәселелердің алтауы Әлеуметтік талаптарын бұзу жайына арналып, 11 мемлекеттік қызметші атына кір келтіретін теріс қылықтары бойынша мәселелері қаралды. Осы істерді қарау нәтижесінде кеңес шешімімен 14 қызметшіге әртүрлі жаза белгіленген. Оның біреуі – ескерту, екі сөгіс, бір қатаң сөгіс және он мемлекеттік қызметшіге ескерту емес екендігіне ерекше еместігін ескерту туралы жазалар қолданылды.

Сессияда белгіленген басқа да мәселелер талқыланып, тиісті шешімдер шығарылды. Мерейлі жасақ толған депутат Райқұл Байназароваға облыстың «Құрмет грамотасы» табыс етілді. Аймақ басшысы мерейтойінің облыстың қоғамдық өмірінде өзіндік лайықты үлесін қосып келе жатқанын айрықша атап өтті. Төрт мәрте Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты болып сайлануы соның дәлелі деген облыс әкімі халық қалаушысына ізгі тілектерін арнады.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

ЖАСТАР ҚАМҚОРЛЫҚТАН ҚАЛЫС ҚАЛМАЙДЫ

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев «Жастар ресурстық орталығы» КММ-де болып, жыл басынан бері атқарылған жұмыстармен танысты.

Коворкинг орталығында аймақ басшысының назарына бірқатар жоба ұсынылды. Олардың қатарында отбасы мәдениетін арттыруға бағытталған «Ақ отау» интеллектуалды мектебі, IT мамандары арасында VR, AR технологияларын дамыту және насихаттауға арналған «Арман қала», «Жерұйық» рухани жаңғыру кешені, «Кибер-жұма», «Бизнес-старт» сияқты бастамалар бар. «Бизнес-старт» инновациялық жобасының авторы – Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің жас ғалымдары. Университеттің есептеу техникасы және апараттық жүйелер кафедрасының меңгерушісі, PhD докторы Сәбит Ибадулла қазір 3DD принтерде Сырдария өзенінің сол жағалауында салынатын шағын ауданның бас жоспары жасалып жатқанын жеткізді.

Одан кейін 9 айдағы іс-шаралар жөнінде орталық директоры Жасұлан Алдабергенов айтып берді. Биыл облыстық бюджеттен орталыққа 76 млн 334 мың теңге бөлінді. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 12 пайызға артық. Мұнда 40-тан астам адам еңбектен қамтылған. Ғимарат бастан-ақ жөнделіп, жастармен жұмыс істеу тәсілдерінің жаңа үлгісі қалыптасты.

Нәтиже білдіргендер коворкинг, IT орталықтары, спорттық ойын алаңдары, спорттық секциялар мен психолог, заңгер қызметін тегін пайдалана алады. Ағылшын тілін үйреніп, компьютерлік сауаттылықты, бейнеоператорлық біліктілікті арттыруға да мүмкіндік бар. Орталықтың қызметіне күн сайын шамамен 50 шақты жас жүгінеді, – деп Ж.Алдабергенов.

Осыған дейін әртүрлі мәселелермен келген 3 700-ден астам адамға кеңес берілсе, 9 бос жұмыс орындары жәрмеңкесінде 250-ден астам адам жұмысқа орналасты.

Ресейдің Мәскеу, Санкт-Петербург қалаларында білім алып жатқан жерлестерімізді жұмыспен қамту шаралары жөнінде облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Еркебулан Мәнібаев баяндады. Белгілі болғандай, келесі жылы бітіретін жастардың қамы үшін бүгінде жергілікті 11 кәсіпорын-мекемені келісім жасалды. Осы орайда облыс әкімі Қ.Көшербаев Ресейде оқытын сырбойлық студенттердің қауымдастығын құру қажеттігін атап өтті.

Спорт алаңындағы кездесуде жастар аймақ басшысына өздеріне бағытталған қолдау мен қамқорлық үшін алғыс білдірді. Екі қолға бір күрек таппай, орталықтың көмегіне жүгініген Бактияр Ескірпенов «Бак Еркес-2030» ЖШС-на жұмысқа орналасқан. Қазір сонда бригадир. Жас құрылысы қаланың дамуына үлес қосып жүргені үшін қуанышты. Ал жас кәсіпкер Асқар Жылқаев жылжымалы көлік жуу бекетін ашып, ісін дөңгелегіп отыр.

Ел болашағы осындай алғыр да білімді жастардың қолында екенін айтқан облыс әкімі Қ.Көшербаев: «Бір әулеттің емес, бүкіл қазақтың мақтан тұтар ұл-қыздары болатындар», – деп.

Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.

● БРИФИНГ

ЭКОНОМИКАНЫ ӘРТАРАПТАНДЫРУДЫҢ БАТЫЛ ҚАДАМЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде облыс әкімінің орынбасары Евгений Ким жылдың 9 айында атқарылған жұмыстар қорытындысымен журналистерге арнап брифинг өткізді. Алдымен кәсіпкерлік және туризм саласының аяқталысын сөз еткен хабарламашы шағын және орта бизнес субъектілерінің саны артқанын айтты.

Өңірлік үйлестіру кешенінің отырастырылған сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау үшін жалпы құны 5,8 млрд теңгеге 107 жоба мақұлданды. Биылғы несиелі портфельдің сомасы екі еседен артық, яғни 3,2 млрд теңгеге ұлғайған, ал қаржыландырылған жобалардың саны 63-ке артқан. Сонымен бірге, ішкінара кепілдендіру бойынша жалпы құны 525 млн теңге болатын 47 жоба мақұлданды. Жыл соңына дейін кәсіпкерлерге мемлекеттік кепілдіктің ұсыну үшін 25 млн теңге қосымша қаражат бөлінді.

Оған қоса өңірлік үйлестіру кешесі мемлекеттік қайтарымысыз гранттар беру бойынша жалпы құны 110 млн теңгені құрайтын 114 жобаны мақұлдады. «БЖК-2020» бағдарламасы шеңберінде «Бизнес-Кенешші» кәсіпкерлік негіздеріне оқыту курсы мерзімді курстары жүргізіліп, барлығы 1466 адам оқыған.

Ауылдарда және Қызылорда қаласында микрокредиттер беру үшін 2 млрд теңгеден астам қаражат бөлінген болатын. Оның басым бөлігі ауылдарға бағытталған.



«АЛТЫН ДҒН-2017»

БЕРЕКЕ БЕЙНЕТПЕН КЕЛЕДІ

Агрокарта аясында ауыл шаруашылығы өнімдерін (күріш, балық, ет, бақша, т.б.) экспорттау көлемін 2021 жылға қарай 5 есеге дейін ұлғайту жолдары айқындалды. Осыған сәйкес облыста бірінші кезекте көп көлемінде инвестиция салмай жоғары экспорттық табыс табу секторларын белгіледі. Олар, күріш, бақша өнімдері және балық пен жылқы еті екендігі анықталып отыр. Сондай-ақ, облыста өндірілетін ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі шығарылатын елдері – Қытай, Ресей, ЕвроОдақ, Түркия, Иран сонымен қатар, Қазақстанның басқа өңірлері деп белгіленді. Сондықтан, Елбасының экспорт көлемін 40 пайызға арттыру, ауылдық жерлерде дайындау, сақтау, өңдеу және тасымалдау жүйесін қалыптастыру тапсырмасын әзірленген агрокарта шеңберінде іске асыратын боламыз. Осы мақсатта облыста агроөнеркәсіп кешенін дамыту және экспорттық әлеуетін арттыру бағытында 2017-2020 жылдар аралығында 30 млрд теңге көлемінде 99 жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Агрокарта аясында ішкі нарықты азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында облыста жылдам дамытуды қажет ететін салалар анықталып, оларға жылжымай және жеміс-жидек өнімдерін өндіру, құс шаруашылығы, майлы дақылдар, көкөніс, бақша, картоп өнімдерін өндіруді жатқыздық.

Бірінші кезекте күріш өндірісін дамыту мақсатында, күріш жармасына сұраныс жоғары, қымбат нарықтарға шығару жүзеге асырылуда. Екінші мәселе, облыста бақша дақылын өндірістік негізінде ету көлемін ұлғайту арқылы, Ресейде сұранысы жоғары қауын сорттарымен гибридітерін егіп, биыл 2 мың тоннаға жуық Сыр қауынның экспорттауды ұйымдастырдық.

– Аймақтаң негізгі дақыл Сыр маржаны – күріштің биылғы өнімі қандай?

– Биылғы жылдың қорытындысы бойынша 97544 гектар дәнді дақылдар ораққа түсіп, одан 514,9 мың тонна астық өнімі алынды. Негізгі дақыл күріш жинау толық аяқталып, гектарынан 55,3 центнерден өнім алынды. 502,5 мың тонна күріш салысы жиналды. Өткен жылмен салыстырғанда күріштің жалпы өнімінің көлемі 62,8 мың тоннаға артық.

1-бет



Аймағымызда ауыл шаруашылығы саласын дамытуға ғылыми жолмен үлес қосып отырған мекемелердің бірі – Ыбырай Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты екені белгілі.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев өз Жолдауында агроөнеркәсіп кешені экономиканың драйверіне айналуды керектігін атап өткен болатын.

Арал өңірі табиғи, климаттық және топырақ ерекшеліктеріне байланысты суармалы егістік күріш дақылын өсіруге негізделген. Себебі, күріш дақылын өсіру арқылы топырақты тұздалардан шайып, көздік жүйе арқылы егістіктен алып кетіп, 2-3 жылға дейін ауыспалы егістікте басқа дақылдарды өсіруге мүмкіншілік туады дейлі мамандар. Ғалымдар егер осындай жүйе қолданылмаса, минерализа-

циясы жоғары топырақ суларының деңгейі көтеріліп, қарқынды 2-ші қайтара тұздану жүретіндігін де айтып отыр. Сондықтан, Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары осындай жағдайда ғылыми негізделген су, жер ресурстарын және климаттық факторды ұтымды пайдаланудың технологияларын жасап, өндіріске енгізуде.

– Ғылыми жұмыстарының басты бағыты өндіріс сұранысын қамтамасыз ете алатын ұзынша дәнді, шынылығы жоғары, бүтін жарма шығымдылығы мол, өнімділігі жоғары және 110-115 күнде толық пісіп жетіле алатын бәсекеге қабілетті күріш сорттарын шығару болып табылады, – дейді ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары Әсет Токтамысов.

Алғашқы шығарылған «Арал-202», «КазНИИР-5», «КазЭр-6»

Ал жалпы күріш өндіру динамикасы соңғы 5 жылда ұдайы өсіп келе жатқанын атап өткім келеді. 2013 жылғы өнім көрсеткіші 288,7 мың тонна болған еді. Осы кезеңде өнім көлемі 174 пайызға өсіп отыр. Сонымен қатар, 4360 га картоп, 4998 га көкөніс және 7257 гектар бақша дақылдары жиналып, 70571 тонна картоп, 91258 тонна көкөніс және 152786 тонна бақша өнімдері жиналды. Әртараптандыру бағытындағы мақсары дақылдан 4945 тонна өнім алынды.

– Шаруа қожалықтары мен жеке қосалқы шаруаларды біріктіру арқылы кооператив құру ауылды дамытудың кепілі болады деп күтілуде...

– Елбасының тапсырмасына сәйкес, біздің алдымызда тұрған ең басты мақсат – жеке қосалқы шаруашылықтарды кооперативтерге біріктіру болып табылады. Агроөнеркәсіп кешенін дамыту бағдарламасының бірінші кезектегі міндеті ұсақ және орта шаруашылықтарды ауыл шаруашылығы кооперациясына тарта отырып, біріншіден өндіріс көлемі мен экспортты арттыру, екіншіден жаппай нәтижелі жұмыспен қамтуды ұйымдастыру болып табылады. Бүгінгі күні облыс бойынша жалпы 243 кооператив құрылды, оның ішінде жеке қосалқы шаруашылықтардың қатысуымен құрылғаны 82 кооператив.

2017 жылдың индикативті іс-шара жоспары бойынша 20-дан астам жеке қосалқы шаруашылықтардың бірігуімен барлығы 19 ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру жоспарланды. Ал қазіргі таңда 1050 жеке қосалқы шаруашылықтардың бірігуімен 43 ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі құрылды. Олардың 33-і ет, 5-і сүт бағытында болса, 3-і бақшалық, 1-і құс шаруашылығы. Соңғы екі жылда кооперативтермен 778 отбасылық мал бордақылау алаңы құрылып, 14913 бас мүйізді ірі қара малын бордақылауға кірісті. Сонымен қатар, 2758 бас сиыр сатып алынып, 294 шағын отбасылық сүт фермалары құрылды. Бұл жұмыстарға кооперативтер 3 млрд теңге жеңілдігімен несие алды.

– Бүгінде жылжымай құруға аса ден қойылып келе жатқаны анық.

– Мемлекеттік бағдарламаға сәйкес облыста жылжымайтын көлемін 2017 жылға 5 гектарға



жеткізу индикаторы белгіленген болса, биыл Қызылорда қаласында бітпей қалған 6 гектар құрайтын 51 жылжымай іске қосылды. Сонымен қатар, Қарауылтөбе ауылдық округінде 1 гектар құрайтын жылжымай іске қосып, бірінші өнімін ала бастадық.

Сол сияқты, Жаңақорған ауданында арнайы құрылған «Агрононада» 1 гектар жылжымайтын құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Бұдан бөлек, Қызылорда қаласында «КазАгроМир» ЖШС «КазАгроКаржы» АҚ қаржыландыруымен көлемі 3,2 гектар құрайтын кешенді жылжымай құрылысын салу бағытында қаржыландыру мәселелерімен айналысуда. Алдағы кезеңдері бұл жобалардың құрылысы басталады деп күтілуде. Өз тарапымыздан жылжымай шаруашылығын қолдау мақсатында биыл жылжымайларға әр гектарына төленетін субсидия көлемін 3 млн теңгеден 10 млн теңгеге дейін ұлғайттық.

– Мал шаруашылығы берекенің көзі бола ала ма?

– Өрине. Биылғы жыл аймақтың мал шаруашылығы үшін де берекелі болды. Облыста ірі қара, жылқы және түйе малының саны ең жоғары болған 90-шы жылдағы деңгейден асып кетті. Осылайша «Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан» бағдарламаларының арқасында өңірімізде мал басы көбейіп келеді. Бүгінгі таңда облыс бойынша 295,4 мың бас мүйізді ірі қара, 704,3 мың бас қой мен ешкі, 120,9 мың бас жылқы, 44,7 мың бас түйе, 2,1 мың бас шошқа және 103,4 мың бас құс өсірілуде. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда мүйізді ірі қара 5,8 пайызға, қой мен ешкі 5,2 пайызға, жылқы 15,3 пайызға, түйенің саны 12,4 пайызға, құстың саны 4,9 пайызға көбейді. Ет өндіру (тірілей салмақ) 2,7, сүт өндіру 1,3, жұмыртқа өндіру 15,8 пайыз артып отыр.

«Сыбаға» бағдарламасына сәйкес үстіміздегі жылы 2100 бас аналық сиыр (72 бұқа) сатып алу жоспарланып, осыдан бүгінгі күні 69 шаруашылық 2504 бас сиыр (119 бұқа) сатып алып, жоспар 119,2 пайызға орындалды. «Алтын асық» бағдарламасы бойынша 1000 бас қой (40 кошқар) алу жоспарланып, 11 шаруашылық 1633 бас қой (167 кошқар) сатып алып, жоспар 163,3 пайызға орындалды. «Құлан» бағдарламасы бойынша 500 бас жылқы сатып алу жоспарланып, бүгінгі күні 22 шаруашылық 645 бас бие (53 айыр) сатып алып, жоспар 129 пайызға орындалды.

Мемлекеттік бағдарламада белгіленген индикативтік жоспарларды іске асыруда биылғы жыл енішіндегі толымды тіріліктердің қысқаша тізбесі, міне, осындай. Жыл қорытындысы бойынша белгіленген индикаторларды толық орындайтын боламыз.

– Өңірімізге рахмет!

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЖАҒАЛЫҒЫ – ЖАҢА СОРТ

сорттары кейбір технологиялық параметрлерінің төмен болуына байланысты кенінен өндіріске тарамды. Алайда, селекциялық үдерістің ұзақтығы жүйелі жүргізілді ескеріліп, институт селекционерлері соңғы жылдары шығарған «Ай-Сауле», «Салима», «Сыр Сұлуы», «Ай-Керім» сорттары және де жаңа линиялар қойылатын талапқа сай келуде. Тұқым шаруашылығын мемлекеттік қолдау нәтижесінде осы сорттардың тұқымы тездетіп көбейтіліп, жан-жақты сынақтан өткізіліп, 2020 жылдары күріш егістігінің 60-63 пайызын алады деп күтілуде. Бүгінде аталған институт тұқыммен айналысатын шаруашылықтармен бірге етене жұмыс жасауда.

Ауыспалы егістікті сақтау және оған әртараптандыру дақылдарын өндіру экологиялық таза өнім өндірудің, топырақтың құрылымын жақсартып органикалық заттармен байытудың және минералды тыңайтқышты пайдалануды азайтудың тікелей көзі болып табылады. Өдетте жоңышқа ғана күріш ауыспалы егістігінде өсіріліп келеді. Сондықтан, институт ғалымдары осы бағытта ауқымды ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, ауыспалы егістігінің құрамына әртараптандыру дақылдары ретінде

мақсары, арпа, бидай, сұлы, жүгері, рапс, африкалық тары мен сорго дақылдарын енгізуді ұсынды. Сонымен бірге, түйежоңышканың «Алаула» сорты суармалы егістікті тиімді игеріп қана қоймай, азот тыңайтқышын пайдалануды азайтып, мал азығының берік қорын жасауға ықпалын тигізетіні анықталып отыр.

Сыр қауынының да аймақ данқын талай жерге шығарғанын жұртшылық жақсы біледі. Алайда, байырғы сорттардың жоғалуы, тұқым шаруашылығының жүрмеуі, қауын дайындау пункттерінің жойылуы, экономикалық қызықсырмаушылығы бұл саланың кенжелеуіне әкеліп соқты. Қазіргі таңда аталған сала өз мүмкіншіліктерін көрсете бастады. Соңғы екі жылда 3-4 мың тонна қауын көршілес Ресейге экспортталды. Институтта қауын дақылы бойынша селекциялық жұмыстар жүргізілуде. Нәтижесінде «Сырдария», «Ната», «Бал-Шекер», «Ливера» секілді сорттары шығарылып, тұқымсыз қауын егетін шаруашылықтарға таратылуда. Сонымен қатар, «Қара Күлжә» және «Қалайсан» сорттарының таза тұқым линиясы қалыптастырылып, аймақта көптеп егілуге ықпал жасалында.

А.ЖҰМАДІЛДАУЛЫ.
Қызылорда қаласы.

АРНАЙЫ ТЕХНИКАДАН – РЕСПУБЛИКАДА БІРІНШІ!

Қызылорда аграршылары 2017 жылы «ҚазАгрокаржы» АҚ жүйесі бойынша 5 млрд 200 млн теңгеге арнайы ауыл шаруашылығы техникаларын сатып алды. Бұл көрсеткіш бойынша облыс республикада бірінші орын алады.

– 2016 жылы осы мақсатта 3,2 млрд теңгеге техника сатып алынған болатын, – дейді. Қызылорда «ҚазАгрокаржы» АҚ филиалының жетекшісі Оразбек Қарақожаев. – 2017 жылы оның көлемі 5 млрд теңгеден астам болады деп отырмыз. Техникалардың көпшілігі Американдық және неміс компанияларының өнімдері болып табылады. Қазірдің өзінде Claas, John Deere компанияларының 12 жатқасы келіп түсті. Біздің филиалдың жұмыс істеп жатқанына 12 жыл ішінде облыс 30 млрд теңгенің техникасын сатып алды. Оның 15 млрд теңгесі соңғы 4 жылдың үлесіне тиеді.

Кармақшы ауданындағы «Жаңа жол» серіктестігінің ауыл шаруашылығы паркі 20 комбайн жатқаларынан және пресс жинаушылардан тұрады. Олардың барлығы соңғы 3 жыл ішінде сатып алынған техника.

– Біз үшін егіс науқаны маңызды шара. Сондықтан егін себу және оны жинау кезінде техникалардың аз уақытқа тұрып қалуы жалпы науқанға кері әсерін тигізеді, – дейді ЖШС директоры Орынбасар Төлепов. – Қазір біздің паркте «Джон Дир» комбайндары жұмыс істейді. Ол қымбат, бірақ заманауи техника болып саналады. Сондай-ақ олардың қатарына «Класс», «Кейс», «Мак Дон» комбайндары мен жатқаларын, «Марш» лазерлік тегістеу техникаларын жатқызуга болады. Олардың бағасы 100 млн теңгеден



асып түскенімен, өнімділігі жоғары, шығынды ақтайды. Мысалы, «Мак-дон» бір маусымда 1000 гектарға дейін күріш орады. Жыл соңына дейін біз тағы бірнеше ауылшаруашылық техникаларын сатып аламыз. Сөйтіп, биылғы маусымды осы техникалардың күшімен табысты аяқтаймыз деп отырмыз.

Сырдария ауданындағы «Ақ-жарма» ЖШС паркі осыдан 5 жыл бұрын бірнеше «Енисей» ауыл шаруашылығы техникаларын ғана тұратын еді. Қазір парк жоғарыда айтылған жаңа техникамен жабдықталды.


– Техникаларды 600 млн теңгеге «ҚазАгрокаржы» АҚ жүйесі арқылы сатып алдық, – дейді ЖШС директоры Марат Бисенов. – Мұндай техника тиімді жұмыс істейді. Егіс ету және жинау науқаны уақытында аяқталады. Олармен жұмыс істейтін жас кадрлар дайындалды. Бізде механизаторлар жетіспеушілігі жоқ.

Сонымен бірге Жалағаш аудан-

ындағы «Таң ЛТД» ЖШС-ның 1500 гектар күріш егістігі бар. Оларда негізінен Ресейдің «Лидер» сортын егеді. 2015 жылдан бастап тәжірибе ретінде Ресейдің «Титан» күрішін еге бастады. Орташа өнімділік гектарына 65 центнерден айналады. Шаруашылықта 2 егістік аймағымы бар. Соңғы жылдары серіктестік инвестордың көмегімен бас тартып өзінің күш-жігеріне сеніп, жетістікке жетті. Жанар-жағармай сатып алынып, механизаторлар оқытып дайындалды. 2011 жылдан бастап 900 млн теңгенің техникасы сатып алынды.

ЖШС директоры Имамзада Шағыртаевтың айтуынша, техникалар жанартылуда. Осының нәтижесінде еңбек өнімділігі артып келеді. Агротехникалық шаралар өз деңгейінде жүргізіледі. Бұл, сайып келгенде, ауыл өндірісінде жоғары нәтижелерге жеткізуде.

Ж.ӘЛМАХАН.



МАЛ БОРДАҚЫЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Бүгінде Сыр елінде ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы өнімділігі ұлғайды, мал басы көбейіп, оның өнімділігі еселене түсті. Облыстағы малдың басын көбейту, асылтұқымды малдың әлеуетін жақсартып, мал тұқымын асылдандыру арқылы бәсекеге қабілетті өнім өндіру – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Елбасы Қазақстанды ет және сүт өнімдерін экспорттайтын өңірлік ірі елге айналындыру тапсырған болатын. Осы межеге жету мақсатында «Ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін арттыру» жобасы аясында облыс бойынша 100 тонна ірі қара мал етін экспорттау жөнінде Ауыл шаруашылығы министрлігімен меморандумдарға қол қойылды. Бастысы, облыс бұферлік аймақтан шықты, енді ет өнімдері алыс-жақын шетелдерге тасымалданып болады.

Ет экспорттық әлеуетін арттыруды көздеген Сырдария ауданының Шаған және Бесарық ауылдарында мал бордақылау алаңдарының құрылыстары аяқталып, өндіріске қосылуға дайын.

Айталық, Шаған ауылында 3000 басқа арналған мал бордақылау алаңы «Шаған Жер» серіктестігінің иелігіндегі 30 га жерге орналасқан. Айналасындағы 750 га жер инжентерлік жүйеге келтіріліп, жүгері, жоңышқа, бидай егіліп, мал азығы дайындалатын жерге айналған. Серіктестік мал шаруашылығын дамытуға қажетті мал азығындық жем-шөппен толығымен қамтамасыз етілген.

Мал бордақылау алаңы іске қосылған кезде онда өндірілетін ет өнімдерімен Қызылорда, Байқоңыр және Алматы қалалары қамтамасыз етіледі. Бұған қоса, көрші Ресей, Өзбекстан елдеріне де экспортталатын болады. Сонымен қатар, Қызылорда қаласындағы «Қызылорда ет-сүт өңдеу орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен жұмыс істемекші. Кешенде 100-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылды.

– «Шаған – Жер» серіктестігі ел игілігі үшін осындай жанаушы бастамаларды алдағы уақытта да қолдап, оларды жүзеге асыруға дайын. Біздің кешеннің мүмкіншілігі республиканың ет өнімдеріне деген сұранысты ғана қанағаттандырып қоймай, ет экспорттау мүмкіншілігін қарастыратындай қуаттылығымыз бар, – дейді «Шаған-Жер» серіктестігінің директоры Бердібек Қадиров.

Бүгінде шаруашылық тарапынан мал сою алаңын салу және ет өнімдерін өндіру бойынша жоба дайында-

луда. Аталған жоба бойынша материалдық-техникалық жабдықтар – мұздатқыш, ет өңдейтін киші зауыт, шұжық, қалбырдағы ет шығаратын жабдықтар шаруа қожалықтың өз есебінен алынады деп жоспарланды.

Қазіргі күні Бесарық ауылында «Абай – Дәулет» серіктестігі құны 300 млн теңгені құрайтын уақ мал басын көбейту және экспортқа сапалы қой етін шығару мақсатында, қуаттылығы 5000 бас аналық қой және 10 000 бас қозға арналған бордақылау алаңының құрылысын аяқтап қалды.

Шаруашылықта әлемдегі ең үлкен қой савалатын Гиссар тұқымды өсіріліп жатыр. Алдағы жылдары мұндағы асыл тұқымды алып қойдың санын 10 мың басқа дейін көбейту көзделіп отыр. Ал түпкі жоспар – жылына 250 тонна қозы етін өндіру. Ол үшін бордақылау алаңының ішінен ет комбинаты салынған. Енді тиісті құрылыстарын орнату ғана қалып тұр.

Жалпы, Сырдария ауданы шетел инвестициясын тарту мақсатында Германия мен Ұлыбританияда орналасқан ірі кәсіпорнын жетекшілерімен келіссөздер жүргізіп «Күн көзінен электр қуатын шығаратын станса салу» жобасы және Шаған ауылдық округінде орналасқан 3000 бас мал бордақылау алаңы жанынан қосымша шағын кәсіпорындар салуды мақсат етіп отыр. Онда күріш қалдықтарын пакеттер шығару, мал қиын қайта өңдеу арқылы биогаз шығарып, одан шығатын жылу энергиясын жылжымайларға, тағы басқа мақсаттарға пайдалану жобаларын жүзеге асырмақшы. Аудан әкімдігі және серіктестік жетекшілерімен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Аудан әкімдігінің жеке кәсіпкерлердің халыққа тиімді, болашағы бар жобаларына қолдау көрсетіп, мемлекеттік бағдарламаларға қатысу жұмыстарына көмектесіп жатқаны қуанақты.

Агроөнеркәсіп кешенін жүйелі дамыта отырып, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту еліміздің кемел келесінен қамтамасыз ету саясаты жемісін беретіні ең күмән тудырмайды. Осылайша «Болашақ – аграрлық секторда...», деген Елбасы талабы Сырдария ауданында да дәйектілікпен орындалып келеді.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.
Сырдария ауданы.



АЛТЫН ДӘН-2017

БӘСЕКЕГЕ БЕЛСЕНДІ

Шиелі ауданындағы ірі шаруашылықтың бірі – Ақмая шаруа қожалығы егін орағын асқан ұйымшылдықпен өткеруде. Биылғы шаруашылық жылында Ақмая 1400 гектар жерге күріш дақылын орналастырса, оның әрқайсысынан орташа 71 центнерден өнім келтіріп, Шиелі ауданы бойынша чемпион атанды, арнайы сыйлықпен марапатталды. Сондай-ақ, 1000 гектарға таяу ескі жоңышқадан да мол өнім жиналды. Оның да орташа түсімі көңіл қуантады, 60 центнерден жоғары. Құнарлы шөптің дені базға тасылып алынды.

Ауыл тұрғындарын мейлінше молырақ жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында жалпы егіспен қатар мұнда жылдағыдай, 140 гектардай жерге көкөніс пен бақша дақылдары орналастырылды. Аталған алқапта жүзден астам отбасы мүшелері еңбек етіп, қажетті өнімдерін жинап алды. Олар осылай өз ізпақасын адал бейнетпен ажыратып, тірлік етуге қалыптасқан.

Еліміз үшінші жаңғыру барысында бәсекеlestік қабілеттілігін шыңдай түсуде. Бұл бірімізге де қатысты. Оған төтен беру үшін, әрине, жаңаша жұмыс ұйымдастыра білу қажет. Біз өз тәралқамызбен ақылдаса отырып, үнемі жаңаша ізденіс пен жаңа технологияны пайдаланамыз.

Біздегі табыс сыры осында, – дейді шаруашылық басшысы, аудандық мәслихат депутаты Дәулет Жұмбаев өз сөзінде. – Осы жолмен өнімді мол әрі сапалы алып келеміз. Әрине, басты міндет – ауыл адамдарын жұмыспен қамту, олардың бір-біріне деген құрметін арттырып, белсенді еңбек арқылы еліміздің дамуына үлесін қосқызу. Бұл мәселе бізде жолға қойылған, – деді ол. Расында, шаруашылықтың мамандарымен күрішші, зveno жетекшілері, механизаторлары ынтымақты еңбек етіп келеді. Тәжірибелі бригадирлер Гүлсім Дәрібаева, Сейілбай Сембековтерге ілескен жас мамандардың да еңбек ету қарқыны жоғары екендігі жуырдағы ауданның «Алтын күзінде» орынды бағаланды.

Ақмая шаруа қожалығындағы тағы бір қунарлық нәрсе – жоғарыла аталып өтілгеніндей, ондағы техникалар қатарының жылда жаңаланып тұруы дер едік. Бұл орайда шаруашылық басшысы жаңашылдық қасиетін аңғартты. Жаңа жарактармен жабдықталған қуатты техникалар тәжірибелі механизаторлар Ермекбай Ибрагимов, Бағдат Шегебаев, Бақыт Сандыбаев, Ғани Барлыбаевтарға беріліп, еселі еңбектің тірегіне айналды десек болады.



Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты маңызды мәлімдемесін басып-лыққа ала отырып, өмірдің жаңалығын бұрынғы дәстүрмен жалғастырған шаруашылық басшылары баянды еңбек студия тімді тәсілін тапқандығымен сыйлы.

Иә, бірлік пен ынтымақ бар жерде, еңбек өнімділігі мен межелі асудың алынары белгілі.

Н. НАЗЫМХАНУЛЫ.

Шиелі ауданы, Ақмая ауылы.

• ДИҚАННЫҢ ЕҢБЕГІ ДАРА •

БИДАЙДЫҢ БАҒАСЫН ЕККЕН БІЛЕР

Бидай – облыстың оңтүстік аудандарына тән дәнді-дақыл. Сондықтан Жаңақорған ауданы үшін бидай егудің маңызы зор.

Біз тілдескен бидай өсіруші Ғалым Түрсынбаев дақылдан мол өнім алған диқанның бірі. Ол Қаратөбе ауылдық округіне қарасты «Сұңқар» шаруа қожалығының озат еңбеккері. Шаруашылықта күріш те, мақсары да, бидай да егіледі. Биыл қожалық 270 гектарға күздік бидай еккен еді. Соның 105 гектары Ғалымның қарамағында болды.

– Бидай өте нәзік, масағы да жұмсақ, дәні жұмыр әрі жылтыр, сабағы қуыс келеді. Күздік бидайдан мол өнім алу үшін олардың тұқымды ыңғалы аз, қуаң аймақтардағы ауыспалы егістен кейін, немесе таза сүдігерге егілгені керек. Әрине, бидай себуге арналған топырақты сыдыра қоспатып жыртық жаксы нәтиже береді. Оңтүстіктегі суармалы сұр топырақты аудандарда күздік бидай егілетін жер аудара жыртылады. Егістікте себілетін тыңайтқыштардың түрі мен мөлшері себілген дақылға және топырақтың құнарлылығына байланысты. Оған мейлінше азот

тыңайтқышы беріліп, өңделеді. Қазір Қазақстанда бидайдан 29 сорты аудандастырылған болса, біз бұл жолы «Красный водопад» сортын пайдаландық. Соның нәтижесі жаман шықпады, – дейді диқан.

Расында, аз сөйлеп, семіз шығатын ауылдағы еңбеккер әңгімесінің жаны бар. Ала жаздай дамыл таппай, егіннің жайын баққан азамат мол өнім жинады. Ол әр гектардан 37 центнерден өнім алып, 388 тонна алтын дәнді қамбаға құйды.

Ғалымның еңбек жетістігі отбасының да мерейін асырып отыр. Киелі кетпені қолынан түспей дала қосында жатып, бейнет кешкені бүгінде ұмытылғандай. Молшылық оның шаршағанын басты, шаруасын ширата түсті.

Қаратөбелік азаматтың қарбаласқа үйренген еңбеккештігі, міне, ырысқа жолықтырды, несібесін арттырды. «Еңбек ерлікке жеткізеді, ерлік елдікке жеткізеді» деген осы шығар.

Қ. ҚҰРБАН.

Жаңақорған ауданы, Қаратөбе ауылдық округі.

КҮРІШШІНІҢ КЕМЕЛ КӨРСЕТКІШІ



Халық даналығында «Өлемнің әміршісі – еңбек» деген тәміл бар. Бұл сөзден хәкім Абайдың «Еңбек етсен ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген нақылна жауап табуға да болады. Ердін еңсесін де, елдің еңсесін де еңбек көтерейі. «Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды» дегенді өмірлік қағида етіп, несібесін жерден теретін

диқанның бірі – сырдариялық Батырбек Сарыбаев.

Әңгімемізге арқау болған Батырбек ауылдастарының айтуынша, жастайынан елгезек, еңбекқор жан екен. Ол 1977 жылғы 9 қыркүйекте Сырдария ауданының Қалжан ахун ауылында өмірге келген. Әкесі Қуандық отбасында үнемі адалдық пен шыншылдық туралы әңгіме айтып, ұрпағының да адал еңбекті ту етуіне жол салыпты.

Әке тәрбиесінен тағылым алған Батырбек 1984-1994 жылдары №126 орта мектепте оқиды. Мектеп бітіргеннен кейін «Оспан Нәлібаев» атындағы шаруашылықта жұмысшы болады. Осылайша, бұны бекімей, бұғанасы қатпай жатып, еңбекке араласып кете барады. Ол 1996-1998 жылдары Қарағанды қаласында әскерде болып, Отан алдындағы борышын өтейді. Әскерден келгеннен кейін 1999 жылдан бастап «Қалжан ахун» шаруа қожалығында күрішші болып жұмыс жасайды. Ол бұл жерде әкесімен бірге еңбек етіп, Қуандық ағамыздан күріш егу мен

оны күтіп-баптаудың қыр-сырын үйренеді. Араға жыл салып күрішті өзі еге бастайды.

Қалжан ахун ауылының әкімі Ғалымжан Ақбаров оның күрішшілер әулетінен шыққан еңбеккер екенін айтты.

– Батырбек осы ауылдағы «Бак» шаруа қожалығында күрішші болып жұмыс жасайды. Оның әкесі Қуандық Сарыбаев ағамыз да күрішші болып еңбек еткен. Ол кісі бейнеттің зейнетін көріп отырған қадірлі қария. Бұл тұрғыдан келгенде Батырбекті әке ісін жалғастырушы, жолын қушы үл ретінде атап өтуге болады, – деді ол.

Жылдар зырғып өте береді. Батырбек күріш егуді жалғастырып, оны өсіруде білікті маманға айналады. Осыдан 4 жыл бұрын ауылдағы негізгі шаруашылық «Қалжан ахун» атын өзгертіп «Бак» шаруа қожалығы болып құрылды. Бүгінде бұл шаруашылықты ел сенім артқан Серік Әбжанов есімді азамат басқарады. Ол Батырбек Қуандықұлын жылдан жылға

тәжірибесі жетіліп келе жатқан күрішші ретінде атап өтті.


– Батырбек өте еңбекқор адам. Ол күннің аптапты ыстығы мен ызғарлы суығына төзіп, өзгелерге үлгі болып жұмыс жасайды. Жаз мезгілінде таңның атасынан күннің батысына дейін егістік басында болады. Өзіне бекітілген 37 гектар күрішті агротехникалық талапқа сай күтіп-баптады. Нәтижесінде күріштің әр гектарынан 95,4 центнерден өнім алды, – деді ол бізбен әңгімесінде.

Кейіпкеріміз Анар Қойшыбаевамен отбасын құрып, бүгінде екі ұл, бір қыз тәрбиелеп отыр. Батырбектің өзі өткен жылы да жоғары өнімге қол жеткізгенін, алдағы уақытта да осы биіктен түспеу шарын салатынын жеткізді.

Жалпы, ұлт сөзі ұғымды ғой, жігіттің «Қырықта қырға шығады» дегені рас болды.

Азиз БАТЫРБЕКОВ.

Сырдария ауданы, Қалжан ахун ауылы.



Дүйсенбек АЯШҰЛЫ.

ҚАМБАМЫЗ ҚАЗЫНАЛЫ, ЖЕРІМІЗ ЫРЫСТЫ БОЛДЫ



Биыл Жалағаш ауданының ауылшаруашылық саласында жиналған өнімнің көлемі көңіл қоңштылық. Мал басы көбейіп, егін молынан жиналды. Нақты айтар болсақ, Жалағаш ауданының диқандары 22465 гектар жерге күріш егіп, бітік өсті. Әр гектарынан 57,6 центнерден Сыр маржаны қамбаға басылды.

Мол өнім негізгі сапалы тұқым алып, дайындалумен де маңызды. Келер жылға мықтылап дайындалған диқандар егіс үшін 5100 тонна тұқымды алдын ала сақтап қойды. Соңғы жылдары аудан шаруашылықтары жаңа технологияның жемісін көріп, өнімді еселеп жинауда. Биылғы жылы аудан бойынша «ҚазАгроКаржы» АҚ мен «Техника Лизинг» ЖШС-нан 18 шетелдік техниканы лизинг арқылы алса, 10 техниканы шаруашылықтар өз қаржысына алдырған.

Сонымен бірге аймақтағы ең ірі өндіріс орындарының бірі – «Агрохолдинг Байқоңыр». Жалағаш элеваторында негізінен астық қабылдап сақтау, тұқым тазалау, күріш ақтау жұмыстары жүргізіледі. Қазір мұнда күріш ақтау, тұқым дайындау цехтары, дайын өнімдер қоймасы, өндірістік техникалық зертхана, көлік, күзет қызметі мен асхана жұмыс жасайды. Бүгінде Жалағаш элеваторы – «АгроХолдинг-Байқоңыр» ЖШС-н білікті маман Манарбек Еспанов басқарады. Ең басты мақсат – серіктестік заманауи жаңа технологияларды өндіріске енгізу арқылы сапалы өңделген өнім шығарып, күріш кластерін дамыту бағытында жүйелі істер атқаруда. Сонымен бірге элеваторда 60 мың тонна астық сақталады. Жағымды жаңалықтың бірі биылғы жылдан бастап шаруашылықтарды тұқыммен

қамтамасыз ету жұмысын қолға алды. Жаңадан алынған шетелдік қондырғылардың арқасында қондырғысы 2-3 кластық себу дәрежесіне жеткізілген бірінші репродукциялы тұқымдар дайындалды.

Сондай-ақ, облыс әкімдігінің 2015 жылы бекіткен «Күріш дақылдың элиталық тұқымдарын сатып алу» туралы бюджеттік инвестициялық бағдарламасы бойынша Қраснодар өлкесінен 333 тонна «Лидер», «Фаворит», «Янтарь» сорттарының элиталық тұқымдары әкелінді. Элиталық тұқымдар облыстың 3 тұқым өсіруші шаруашылықтарының 1280 гектар жеріне егілді. Оның ішінде Жалағаш ауданының «Таң ЛТД» ЖШС-ның 670 гектар жеріне себілген. Үстіміздегі жылы келісім-шарт негізінде 42 күріш өсіруші шаруашылықтардан 27405 тонна, атап айтқанда, Жалағаш ауданы бойынша 15 шаруашылықтан 7914 тонна сатып алу жоспарланды отыр.

Жырыма екі жылдан кейін Жалағаш элеваторы ақ күрішті қайта қабылдап, шаруашылықтың тамырына қан жүгірді. 2013 жылы «Байқоңыр» ОҚК жанынан «Агрохолдинг Байқоңыр» ЖШС құрылды. Нәтижесінде жалағаштық диқандар элеватор қамбасына өнімдерін жинап, молшылыққа кенеліп келеді. Элеваторды іске қосу шарасына облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысып, «Агрохолдинг Байқоңыр» ЖШС зертханасының және электрдің қаразы, астық көтерігіштердің жұмысымен танысқан еді. Агроөнеркәсіп кешенінің ғылыми жетістіктері, жаңа технологиялар, инновациялық жобалары шаруашылықтардың жаңашылдыққа бағыт алуына мүмкіндік сыйлады.

Биылғы егін жинауда ешқандай іркіліс болмай, ысырапсыз өнім жиналды. Мұның бәрі диқандардың маңдай тері, ақ адал еңбегі. Қырмандағы қызыл астықты элеватор қамбасына мерзімінен кешіктірмей жинап, қуаныш еселене түсті. Жалпы, ауылшаруашылық саласына мемлекет үлкен қолдау жасап отыр. Осы жетілдіктердің арқасында еңбеккерлер шаруасын дөңгелентіп келеді.

Жер ананы аялай білсек, егіміз молынан болып, диқандар еңбегі берекелі болмақ. Еліміздің қамбасына құйылып жатқан әрбір алтын дән Сыр диқандарының адал маңдай терімен келгені анық.

Сара АДАЙБАЕВА.

Жалағаш ауданы.



Мәлір ҚАЛЫМБЕТ.

ДАРХАН ДИДАР – АЛТЫН КҮЗ!

Ағайынды Есқожаевтарды Қазалы ауданында көбі біледі. Олар отбасылық бизнесті дамытып, шағын кәсіпті іргелі шаруашылыққа айналдырған. Қызығы, бұл бизнес базардан басталған еді.

Токсаныншы жылдар. Тоқырау кезеңі. Бердібайдан тараған балалардың үлкені – Мерекес қиыншылықтан қысылмай шығу үшін саудамен айналысу керек деп шешті.

Ағайынды жігіттердің шаруасы алға жылжи берді. Бірте-бірте цехтың ауқымын кеңейту қажет болды. Сол үшін 2007 жылы Қазалы қаласындағы кеңес заманының көзіндей автобазаның ғимаратын толығымен жөндеп, күріш ақтайтын зауытқа айналдырды. Он жыл бұрын жұмысы жанданып, салтанатты түрде ашылған нысанның игілігін бүгінде ел көріп отыр. Күрметінен тазартылған

бірқатар жұмысшыны марапаттады. Оның ішінде үздік егінші Кеңес Шайыққа – «Нива», үздік механизатор Жәніс Қошқарбаевқа «Лада приора» көліктерін мінгізді. Жер жыртып, күріш жинауға дейінгі ақшалай шығынға серіктестік қожайыны үнемі инвестиция құйып отырады. Жұмысшылардың тұрмыстық жағдайы да жігіт назарында. Әйтеуір, еңбекті ескерусіз қалдырған емес. Одан бөлек, Қожа-

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТІ

АЛТЫН ДӘН-2017



ШАҒЫН КӘСІПТЕН БАСТАЛҒАН ШАРУАШЫЛЫҚ



Қасына Мерей мен Медеу бауырларын ертіп алып базарда ұн, қант, есімдік майын сатты. Сол аралықта Мерей әскерге кетіп, борышын өтеп болғасын үйреншікті шаруасына қайта араласты. Алматыдағы қытайлық компаниядан екі диірмен сатып әкелді. Ескі нан зауытының қоймасын жалға алып, цех ашты. Қазалыда егілген күрішті өздерінде ақтайтын болды. Облыс орталығына шапқылай бергеннен құтылды. Бір жағынан егін егетіндерге тұқым, тыңайтқыш, техника жеткізіп беріп жүрді. Қармақшыдан қара күріш әкеліп, жергілікті шаруашылықтарға таратты.

Сыр салысы өзімізден артылып, еліміздің түкіріп-түкіріне, қала берді, ТМД аумағындағы мемлекеттерге жөнелтіліп жүр.

Мерей Есқожаев – қазір Қазалы ауданының Қожабақы ауылындағы «Агро-Өркен» серіктестігінің бас құрылтайшысы. Қарамағында 50 адам жұмыс істейді. Егіс даласындағы тірлікке 23 техника жегілген. Дикандар биыл да егінді жылдағандай ұйымшылдықпен жауын-шашынның астында қалдырмай, төкпей-шашпай жинап алды. Кәсіпкер өткенде шаруашылық құрылғалы бері табан аудармас-тан тынбай еңбек етіп келе жатқан

бақы ауылының тыныс-тіршілігіне көмектесуді азаматтық парызы санайды. Балаалардың, ардагерлердің демалысын ұйымдастыруға, тұрғындарды аяқсұмен қамтамасыз етуге, басқа да әлеуметтік мәселелердің шешілуіне әрдайым ықпал етуге әзір.

Ауыл шаруашылығы саласындағы маңдай тердің өтеуі шығар, осыған дейін кәсіпкер басқаратын шаруашылық талай марапат биігінен көрінді. 2007 жылы – «Ауыл шаруашылығы саласындағы үздік кәсіпкер», 2012 жылы – «Өнім өндіру және өңдеу саласындағы үздік кәсіпкер», төрт жыл қатарынан «Өнім өңдеу саласындағы үздік кәсіпкер» атанды. Былтыр еңбектегі үздік жетістігі үшін ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы тағайындаған ІІІ дәрежелі «Еңбек даңқы» төбелгісін кеудесіне тақты. Сондай Қазалы ауданының 2016 жылғы «Жастар жанашыры» номинациясының иегері.


– Келесі жылы біз 1000 гектар жерге – күріш, 300 гектар жерге жонышқа дақылын егуді жоспарлап отырмыз. Қазір өзімізге тиесілі аумақта сүрлеу жұмыстары жүргізіліп жатыр, – дейді М.Есқожаев.

Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.
Қазалы ауданы.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНІНІҢ ДАМУ ДИНАМИКАСЫ

2020 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ЭКСПОРТТЫҢ КӨЛЕМІ АРТТЫРУ МҮМКІНДІГІ (ЕВРООДАҚ, РЕСЕЙ, ТҰРКІЯ, ҚЫТАЙ, ИРАН)

ЭКСПОРТ КӨЛЕМІ
320 МЫҢ ТОННАҒА
ЖЕТЕДІ (160 МЛН. \$)



2017 ЖЫЛДАН БАСТАП ЖАҢА ӨНІМДЕР ЭКСПОРТҚА ШЫҒАРЫЛДЫ
БАҚША ӨНІМДЕРІ, КӨКӨНІС, ҚОЙ (ЕТКЕ)

– Экспортқа алдымен қой еті шығарылуына байланысты бүгінде Сырдария ауданында 10 мың бас аналық қой өсіріп, жылына 250 тонна ет өндіретін мал шаруашылығы кешенінің құрылысы аяқталды. Алдағы уақытта аналық мал басын көбейту және экспортқа шығару мәселесі де пысықталатын болады. Жылқы етін экспорттау мақсатында облыста арнайы сервистік дайындау орталығын құрып, ет экспорттау логистикасын зерттеп, келер жылы Шығыс Еуропа елдеріне жіберу жоспарлануда. Осыған байланысты «Танкаман» ЖШС Еуроодаққа жылқы етін экспорттайтын кәсіпорындар ресурстарын енгізіліп, еурокод алу жұмыстары басталып кетті. Алдағы уақытта осы кәсіпорын негізінде сервистік дайындау орталығын құру жұмыстары жүргізілетін болады, – деді басқарма басшысы Бақыт Жаханов.

Мемлекет басшысының агроөнеркәсіптік кешен бойынша қойған тапсырмаларын Агрокартаға сәйкес іске асыру арқылы 2021 жылға қарай ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттың 5 есеге дейін арттыру көзделген. Биылдан

бастап облыстың экспорттық мүмкіндіктері қолға алынып, басқа мемлекеттерге шығаратын өнімдердің түрлері мен олардың көлемі ұлғайтылды. Осы ретте ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында аймақта ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттың 48,3 пайызға өскенін айтып оту қажет.

Өткен жылмен салыстырғанда биыл күріш экспорты 53 пайызға немесе 19 мың тоннаға артты. Бұл да үлкен көрсеткіш. Сонымен бірге, Иран нарығын игеру мақсатында өткен жылы сол елде үлкен сұранысқа ие «Тором Хошем» күріш сорты Сыр өңірінде жәжірибелік негізде өсірілді. Еткен еңбек текке кетпеді. Оның өнімділігі мен сапасы бойынша жақсы нәтижелерге қол жеткізілді.

Жұырда облыс делегациясы Иран Ислам Республикасының Мазандаран, Гүлістан провинцияларына іссапармен барып қайтты. Сапар барысында облыс басшылары сол елдің кәсіпкерлерімен ирандық сорттарды аймақта өндіруді қаржыландыру және өндірген өнімді түгел Иранға экспорттау жөнінде келісімге келді.

Биыл күріштің алғашқы 60 тоннасы Иранға экспортқа жіберілетін болса, алдағы жылдағы ирандық күріш сорттарын 5 мың гектарға егу көзделуде. Нәтижесінде жылына кем дегенде 10 мың тонна күріш экспорттау жоспарланып отыр. Сонымен қатар, үстіміздегі жылы Ресейге 110 тонна көкөніс, 5933 тонна бақша өнімдері экспортталса, Иран Ислам Республикасы мен Біріккен Араб Әмірлігіне 1944 бас қой жіберілген.

Ауыл шаруашылығындағы экспорт әлеуетінің артуы бұл саланың дамуына үлес қосып қана қоймайды, сонымен қатар, еңбекші жұрттың несібесін де еселей түседі.

Азиз БАТЫРБЕКОВ.

«50 АУЫЛ» БАҒДАРЛАМАСЫ

КООПЕРАТИВТЕР АУЫЛДЫ КӨТЕРУДЕ

Облыс бойынша нақты кезеңде барлығы 242 ауыл шаруашылығы кооперативі құрылды. Олардың ішінде: мал шаруашылығы саласында – 77, егіс саласында – 52, көпсалалыда – 1106, өңдеуде – 1 және су шаруашылығында – 1, көкөністе 1-і еңбек етеді.

Осы кооперативтерде барлығы 2872 мүше бірігіп, ауыл шаруашылығымен шұғылданады. Уақыт талабына сай жұмыс ұйымдастыруда Жаңақорған ауданы алдыңғы лекте келеді. Мәселен, аймағымыздың оңтүстігіндегі ең шеткі ауданда «Агробизнес-2020» бағдарламасын мемлекеттік қолдау бағытында, қазіргі уақытта егіншілік, өнімдерді қайта өңдеу және мал шаруашылығымен айналысатын 46 ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі құрылған. Олардың арасында 9 кооператив 266 жеке отбасылық тұрға мал шаруашылығымен, ет, сүт өндіру бағытында жұмыс жүргізеді. Ауылдық округтерде жеке қосалқы шаруашылықтардың мүмкіншілігіне қарай, ауыл шаруашылығы кооперативтеріне біріктіру негізінде жұмыстар жалғастырылу үстінде.

Жаңақорған ауданының әкімі Ғалым Әміреєвтің басшылығымен алғашқы кезекте аудандағы әрбір ауылдың әлеуетін зерделеу жұмыстары жүйелі жүргізілді. Осы тұрғыда тиянақты жұмыс атқарған мамандар тобы

Қожакеңт ауылдық округін үлгі ретінде қамдастырды десек болады. Мемлекеттік «50 ауыл» бағдарламасы аясында пилоттық жоба таңдалып, сол бағдарлама арқылы осы елді мекендегі 65 жеке отбасылық шаруашылық мүшесінің 59 мүшесі «Миялы» ауыл шаруашылығы кооперативіне бірікті. Оларға 172,9 млн теңге несиеге 617 бас мүйізді ірі қара, 110 бас жылқы алынып, бордақылау жұмыстары айлар бойы тоқтаусыз жүргізілді. Сонымен қатар, 1 модульді мал сою пунктін алу бағытында да жұмыс қолға алынған. Ол ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Асқар Мұрзахметовтің тарапынан қолдау тапты.

Ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту барысындағы екінші қолға алынған жұмыс Аққорған ауылдық округіне қарасты «Сәлдір-Ата» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінің 24 мүшесі 46,1 млн теңге несие алып, бүгінде олар мал бордақылау бағытында жұмыс жасауда. Ұжым мүшелерінің жеке қосалқы тұлғалардан құрылғандығын ескерсек, мұнда да өзара бәсекелестік артатындығы сөзсіз. Бұл мал бордақылау жұмысының сапалы да пайдалы болуына негіз қалайды.

Ендігі бір мәселе, Жаңақорған кентіне қарасты «Нұрлы-Жол бірлестігі» жеке қосалқы тұлғалардан құрылған ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі 82

млн теңге несие алып, мал бордақылау бағытында жұмыс жасау үстінде.

Аудан орталығына жақын орналасқан Эзгент ауылдық округінде де осы бағытта онды нәтижелер өріс алуға. Атап айтқанда, «Ақбұлақ-Б» жеке ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінің 22 мүшесі бірігіп, сүт өндіру бағытында жұмыс жүргізуде. Сонымен қатар, сүт қабылдау цехын ашу бағытында да жұмыстар қолға алынған. Ауданның Келінтөбе, Сүттіқұдық, Қожаөберді, Бесарық ауылдық округтерінде іріленген кооперативтер құрылып, олардың құрамына жеке отбасылық тұлғалар тартылды. Ондағы шаруашылықтар да аталған бағытта өз істерін ашып, одан әрі өрістетілетін болады. Қазіргі кезде несие алуға қажетті құжаттары сарапталу үстінде.

Иә, бытыранқы шаруашылықтарға қарағанда іріленген құрылымдардың ел Үкіметі тарапынан қолдау табуына мүмкіндік мол. Уақыт көрсеткендей, қазіргі нарықтың талабы – ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамыту арқылы ауыл адамдарының атакөсіліпін шұғылдануына жол ашу. Яғни, оларға жаңа жұмыс тауып беру әлеуметтік жағдайларын да көтереді. Осы өзекті мәселе Жаңақорған ауданында оң шешімін табуда.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Жаңақорған ауданы.

БАЛЫҚ – БАҒАЛЫ БАЙЛЫҚ

Сонғы жылдары Елбасының тікелей қолдауымен жүзеге асқан «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» (САРАТС) жобасының бірінші кезеңінің өзінде Арал өңірінің қайта жанданғаны, аудандағы балық шаруашылығының даму қарқыны жылдан жылға артқаны әмбеге аян. Бұл туралы сан мәрте айтылып, жазылып жүр. Тек өткен жылдың өзінде ауданда 7100 тонна балық ауланып, қыруар тонна балық өңделді. Ал осы жылға Кіші Арал теңізімен Қамыстыбас, Ақшатау көлдер жүйесінен жалпы аудан бойынша 7332 тонна балық аулау лимиті бекітілген. Осының өзінен ел ағаларының жанашырлығы, мемлекеттің қолдауы, ат арқасындағы азаматтардың іскерлігі мен қаншама жағымды жаңалықтардың жүзеге асып жатқанын аңғаруға болады.

Бұған қоса ауданда өткен жылы балық өнімдерін сыртқа шығару да қарқын алды. Арал балығын тұтыңғандардың арасында Польша, Грузия, Әзербайжан, Ресей сынды алыс-жақын мемлекеттер бар. Өнімді экспорттаушы кәсіпорындар «Арал СДО», «Камбала балық», «Қарашалаң СДО», «Бөген СДО» және басқалар болып табылады. Бұл қадамның айдынды Аралдың айбын асқақтата түсетіні анық. Ел ішіндегі берекелі тірлікті іргелі ұжымдардағы тұрақты еңбек ырғағы паш еткендей.

Арал өңірінде ата-бабасының ежелгі кәсібі балық аулауды жанына серік қылған қабырғалы қауым өмір сүруде. Тұрасына көшсек, теңіз жағалаған қауымның нақты кезеңдегі тұрмыс-ахуалы бөтен емес. Мұның өзі «Өзен жағалағанның өзегі талмайды» деген қанатты қағиданы жандандыра түседі. Арал аймағындағы ағайынның басты тіршілік көзі балық кәсіпшілігі болып саналады. Сондықтан аудан көлемінде балықты аулап, өнімдерін өңдеумен қатар экспортқа шығару жайы да қарқын алып жатқаны ауыз толтырып айтуға лайықты.

Өңірдегі балық шаруашылығына назар аударған жан облыстық маслихат депутаты Аманбай Ерхатовтың есіміне тоқтамай кете алмас еді. Қанаша байыпты мінезінен жанайымталын жігіт ағасының бұл саладағы орны тым ерекше. Іскер азаматтың Арал мен Қазалы ауданының бірқатар тұрғынын жұмыспен қамтып отырғанын, ол басқаратын «СПК Қызыл-орда Балық» серіктестігінің құрамына «Бақыт» шаруа қожалығы, «Бөген сервистік дайындау орталығы» қарайтынын, «СПК Қызылорда Балық» ЖШС-нің индустриалды-инновациялық жобаларды дамыту бойынша «Байқоңыр» ӘКҚ-АҚ-мен бірлескен жобасы іске асырылғанын, жоба аясында балық өнімдерінен сүбе (филе) дайындайтын цехы пайдалануға берілгенін, серіктестік «Бақыт» шаруа қожалығымен бірлесіп, кіші Арал теңізінің учаскесінен, Байтақ, Қазалыдағы «Қашқан су» көлінен балық аулайтынын, экспортқа шығу үшін сапа сертификаты барын бұған дейінде бірнеше мәрте жазған едік.

«Жақсының жақсылығын айт», оған қоса А.Ерхатовтың «Балық өңдеу» цехы балық өнімдерін тазалайтын, тоңазытп

сактайтын бөлмелер, сыйымдылығы 750 тонналық балық сақтау қоймасымен жабдықталған. Балық аулау, тасымалдау үшін арнайы көліктер мен құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Сапасы жоғары балық сүбесіне сұраныс мол. Балық өнімдері Германия, Дания, Голландия, Бельгия, Австрия, Польшаға экспортқа шығарылды. Өнімді экспорттауға еурокод алынған.

Аманбайдың есімі тек еліміз емес, шет мемлекетке де белгілі. Олай болмағанда ше?! Ресейдің Ульяновск облысы, Димитровград маңынан балық өңдеу зауытына іске қосқан А.Ерхатов өзінің кәсіпкерлік саласының қыр-сырын жетік менгергендігін дәлелдеді. Зауыт жылына 1500 тонна балық өнімін шығаруға есептелген. Аталған зауытта қыруар адам еңбек етеді. Ресей-

ден зауыт салудың пайдасы ең алдымен уақыт үнемделеді. Өнімнің сапасы сол қалпында сақталыды. Өрі жыл бойы тоқтаусыз жұмыс жасайды. Сондай-ақ, жеке кәсіпкер Нұрбек Әйімбетовтің де есіміне көпшілік жақсы қанық. «Жас келсе іске» демекші, Нұрбек басқаратын «Арал сервистік дайындау орталығы» ЖШС еңбек өнімділігін арттыруға баса мән беріледі. Кіші Аралдан бес учаске ұжымға бекітілген. Еурокод белгісін иеленген «Арал» СДО-ның өнімдері тұтынушы талғамынан табылуға. Балық шаруашылығында кәсіпін жандандырып жүрген Төрбек Ігілікөв, өзге де көптеген есімдер аймақ кәсіпкерлерінің арасында ілтипатпен аталады.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Арал, Қазалы аудандары.





ӘЗ ТӘУЖЕНІҢ ТЕКЕЙ БАТЫРЫ

Сыр бойы батырларының атқарған қызметі, тарихи рөлі мен алар орын жастар санасына сіңіру керек. Біз келесі ұрпаққа батыр бабаларының ерліктерін, есімдерін таныстыруға тиістіміз. Енді Сыр бойы батырларының ішіндегі шоктығы биік Текей батыр мен оның батыр болған ұрпақтарына тоқтайық.

Текей батыр Қарпықұлы (1667-1752) қазіргі Қызылорда облысы, Қармақшы өңірінде өмір сүрген. Тегі – Кіші жүз Ашын-Қаракесек-Байсары-Кете-Қара аталығынан шыққан. Кетенің ұраны – Майлыбай. Таңбасы – (Х).

Текей батыр бейіті – қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан қаласындағы К.Ясауи кесенесіндегі құлыптаста есімі кездеседі және Қармақшы ауданы Т.Көкешбаев атындағы ауылдан «Кекерей» деп аталатын шайғай бөлімшесінен (бұрынғы Бестам қаласы) оңтүстікке қарай 20 шақырым жерде орын тепкен. Яғни, Сыр бойы батырларына тән Текей батырдың 2 мазары бар [Қазақ әдебиеті № 25, 18.06.99ж. 36]. Текей батыр батырлар әулетінен шыққан, әкесі Асанұлы Қарпық батыр, әкесінің інісі Асанұлы Қарабаз батыр, Текейдің ағасы Құдайназар батыр заманында елге қорғанай айтулы ерлер болған. Осындай әулеттен шыққан Текей осал болған. Осы аталған батырлардың Сыр бойының шежіреші ақшын Әлімбай Әліасқаров (1908-1990) «Қазақ шежіресі» еңбегінде:

«Асаннан Кішікі, Қарпық, Қарабаз, Жанбақтыдан Нұрымбет, Сары атқа шабар» – деп жырласа, келесі жолында:

«Бейіті батыр екен Қарабаз,

Көрмеген уақытында жаннан азар, – деп жырлаған. Текей з Тәукенің бас сардары болған. Деректерге сүйенсек, 1711 жылы Текей батыр Тәуке ханның бас сардары болып үлкен жеңістерге жеткен. Тәуке ханның өлімінен кейін Әбілқайыр ханның батысы, жазық серіктерінің бірі болады. Текей батырды кезінде жау жағы «Тәуке батыр» деп те атаған. Текей батыр жау шапқанда сыр мінез Ақбоз атымен шабады екен.

Текей батыр туралы Сыр бойының ақыны Шегебай Бектайұлы (1844-1916):

Енді бермен кетейің,
Қарпықтың ұлы Текейге,
Ауларған тауда балықтай,
Басын кесіп туатпай,
Айдайларды жөндеген.
Уақытыңда тақымның,
Қалды ма қызы кермеген» – деп жырлаған.

Текей батырды Сыр бойының шежіреші ақшын Сағынбай Әліасқаров «Шежіре өлең» еңбегінде: «Қарпықтың Құдайназар батыр, туды Текей, Ерлер еді ел-халқының қамын жеген.

Текейден туылған еді Абақан, Ұлтай,

Ақбөке, Шамырбай, Құтпамбет және Кеген» – деп жырлаған.

Бірде Текей батыр жоңғарлардың тұтқынына түсіп қалғанда, оны босатуға ағасы Құдайназар батыр мен табын Бөкенбай батысының ықпалы зор болған. Текей батырдың қазіргі Қармақшы ауданы жерінде Ор деп аталатын қаласы болған. Ол Текей әуліе мазарынан 5 шақырым жерде.

Тағы бір Текей батыр қырғыздың ақшын Әлікенің қолын быт-шытын шығарып, орласын ортасына түсіріп, Бөке атты сұлу қызын олжалайды деген мәлімет кездеседі.

Текей батырдың аттан бесікті Ұлтай, Бөке сұлудан Абақан батыр, Ақбөке батыр, Құтпенбет палуан туғалды. Ал екінің әйелі жоңғар қызынан Кеген батыр туғалы. Үшінші әйелінен Шамырбай туулыты.

Текей батыр ақылғай адам болған. Артында өлмейтіндей сөз қалдырған. «Ұлдары басыл, қыздары асыл елдің шегіне жау жетпес, ұлдары жасыл, қыздары пәсек елдің басынан лау кетпес» деген нақыл сөздері бізге ұятып отыр.

Текей батыр «Әке балаға сыншын» деген қағидамен балаларын шақырып алып, өсиет айтып, деседі. Сонда: Абақанға бірлікті, Ақбөкеке білікті, Құтмамбетке палуандықты, Шамырбайға байлықты, Кегенге батырлықты, Ұлтайға шанышқыны сыйлап, «несібеңді



балық аулаудан тап» деген екен жарықтық.

Енді Текей батырдың баласы Ақбөке батырдың ұрпағы Пірен жайлы сөз қозғайық. Ол Батыр, би. XVIII ғасырда өмір сүрген.

Шежірге қарасақ, Пірен Мырзалы баласы болады, яғни Ақбөкектің шөбересі болып тұр. Пірен батыр туралы Сыр сүлейі Шегебай ақын Бектасұлының (1844-1916) жырлауда:

«Бекмырза, Пірен, Бекеттің»,
Моласының тұсынан
Атпенен ешкім жемеген» – деп жырлаған екен.

Кеше Н.Бекежанов атындағы музыкалық драма театрында Тәуке ханның серіктері Текей Қарпықұлының 350 жылдығына арналған шаралар басталды. Ең алдымен батырдың ерлік даңқы байдалған деректі фильмін түсуы келді.

Қазақ халқының бірнеше ғасырлық тарихында, қазақ халқының тағдыры меншілер тұста ұлт батырларының орыны ерекше болды. Тұтан жерді басқыншылардан қорғап қалған Текей батырдың тарихи тұлғасы, ерлік істері туралы деректер Сыр сүлейілерінің жыр-ластандарында, архив құжаттарында кездеседі. Фильм осы оқиғалардың желісімен, ғалымдардың пікір-найымдарымен өріктелген.

